bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2025

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# Абай Құнанбайұлы шығармашылығы

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 27.10.2025 | https://bilimger.kz/183551/ |

***Кылышбаева Алия Сейтхановна***

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | **Абай  Құнанбайұлы  шығармашылығы** |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлығы:** оқыған мәтіннің мазмұнын түсінеді, тақырып бойынша сөздерді сөйлемде қолданады<br>**Көпшілігі:** берілген тақырып бойынша сөйлейді.<br>**Кейбірі:** сөйлеу барысында тірек сөздерді орынды қолданады |
| **Бағалау критерийлері** | • Оқыған мәтіннің мазмұнын түсінеді.<br>Сөйлеуде тірек сөздерді қолданады. |
| **Лексикалық минимум** | Ұлы, ақын |
| **Құндылықтарды дарыту** | Үлкендерге көмектесу, басқаның еңбегін бағалай отырып қоршаған ортаны **құрметтеугe** үйренеді |
| **Пәнаралық байланыс** | Дүниетану, жаратылыстану, өзін-өзі тану. |
| | |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Сабақты бір — біріне жақсы тілек тілеуден бастайды.**<br>Мен достарыма … тілеймін<br>Оқушылар  бір-біріне ыстық  тілектерін білдіреді.<br>**Үй тапсырмсын тексеру. «Ашық микрофон» әдісі арқылы.**<br>Мәтінді мәнерлеп оқу, Сұрақтарға жауап беру.<br>**(Тақтада оқушыларға арналған оқу мақсаты жазылады**.)<br>-Бүгінгі сабақтың мақсаты:<br><br>1.    Мәтінді мәнерлеп оқимыз.<br>2.    Берілген тақырыпқа қатысты сөздерді тауып, сөйлеу барысында қолданамыз.<br>«Ребус» әдісі бойынша жаңа сабақтың тақырыбын ашқызу. Тақтада көрсетілген суреттердің атауларын (ұшақ, қарлығаш, аққала, орындық) таба отырып, шешуін айтады.(Жауабы: Ұлы ақын). | Интер<br>белсенді тақта, суреттер |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы** | **(МК,Ұ)** Жаңа сөзді меңгерту. Сөздермен сөз тіркестерін және сөйлемдер құру.<br>Ұлы, ақын.<br>Ұлы Абай.<br>Абай-қазақтың ұлы ақыны.<br>**(Ө, Т) Оқылым. «Бірін-бірі оқыту» стратегиясы** бойынша өлеңді мәнерлеп оқиды. Топта талқылау. Өлеңдегі әр сөздің мағынасын түсініп, түсінгендерін айту.<br>Абай — дана, Абай — дара қазақта,<br>Оқылмаған ұлы Абайды қазақ па?<br>Қазақ даңқын асқақтатқан әлемге,<br>Абай теңдес ақын болмас қазақта.<br>Сұрақтарға жауап бер.<br>1. Мәтін не туралы?<br>2. Мәтін ертегі ме, өлең бе?<br><br>**Дескриптор:**<br><br>— өлеңдерді мәнерлеп оқиды;<br>— оқу барысында дауыс ырғағын сақтайды;<br>— мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.<br>**Кері байланыс:** Не қиын болды? Не жеңіл болды?<br><br>**(Т) «Дөңгелек үстел» әдісі** бойынша берілген сөйлемдерді топ оқушылары бір-бір сөйлемнен ретімен жазып, мәтін құрайды. Жазған сөйлемдерін көрсетпейді, соңғы оқушы мәтінді тұтастай оқиды. Болған соң мұғалім сөйлемдердің ретін кім бұзғанын анықтайды. Барлық сөйлемдерді ретімен дұрыс орналастырған топтар бағаланады.<br>**Абай кішкентай кезінен, ертегі айтып беретін, Абай, кітап оқыды**<br>**Әжесі оған үнемі,Өлең жазды, қазақтың ұлы ақыны,ол**<br><br>**Бағалау критерийі:**<br>-Сөйлеу барысында тақырыпқа қатысты сөздерді орынды қолданады.<br>Тапсырманы «**Галерея**» **әдісімен** бағалайды.<br><br>**Топтық жұмыс кезінде мұғалім бақылау жүргізіп, кері байланыс береді.** | |
| **Сабақтың соңы** | Үй тапсырмасы: Абайдың бір өлеңін жатқа айту.<br>**Рефлексия**<br>Сабақты қорытындылау мақсатында мұғалім оқушылармен кері байланыс орнатады.<br>**«Көңіл күйім» жаттығуы**қолданылады.Кабинеттің төрт бұрышына смайликтер жапсырылады. Оқушылар сабақтан алған әсерлерін өз көңіл күйіне сәйкес келетін смайликтің жанына бару арқылы білдіреді. | |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия** | | |
| **Жалпы баға**<br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы даойланыңыз)?**<br>**1:**<br>**2:**<br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**1:**<br>**2:**<br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | | |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім портлы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.